

**ӨЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ**

**ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ**

**Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және  
криминалистика кафедрасы**

**«БВ12301- Құқық қорғау қызметі» білім беру  
бағдарламасы бойынша  
ҚР ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ пәнінен  
ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

**АЛМАТЫ, 2024**

6В12301- «Құқық қорғау қызметі» мамандықтар бойынша «ҚР ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ» пәнінен қорытынды емтихан бағдарламасын Қылмыстық құқық.қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы, С.Ш. Даубасовамен әзірленді.

Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының мәжілісінде қарастырылып бекітілген

"02" 09 2024 ж. № 1 Хаттама

Кафедра меңгерушісі, з.ғ.д., профессор



Джансараева Р.Е.

Білім беру және оқыту сапасы бойынша  
акдемиялық комитеттің төрайымы  
«\_02\_»\_09\_2024 ж., хаттама №\_1\_



Урисбаева А.А.

Факультеттің Ғылыми кеңесінде ұсынылды  
«\_02\_»\_09\_2024ж., хаттама №\_1\_

Ғылым хатшысы



Атаханова Г.М.

## Кіріспе

"6В12301-құқық қорғау қызметі" мамандығы бойынша бакалавриаттың білім беру бағдарламасын зерделеу Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына және академиялық саясатқа сәйкес қорытынды бақылау - емтихан тапсырумен аяқталады. Емтихан университет бекітілген кестеге сәйкес жазбаша өткізіледі: дәстүрлі- сұрақтарға жауаптармен. Саны-білімді қолдануға арналған 200 сұрақ. Емтихан форматы-синхронды.

Емтиханға (қорытынды бақылауға) ақы төлеу бойынша берешегі жоқ, бакалавриат үшін оқу бағдарламасы мен жұмыс оқу жоспарына сәйкес пән бойынша оқу процесін аяқтаған және тиісінше балл жинаған студенттер ғана жіберіледі. Қорытынды емтихан (қорытынды бақылау) көрсетілген мерзімде академиялық күнтізбеге және оқу жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Оқу бағдарламасына және оқу жұмыс жоспарына сәйкес пән бойынша оқу процесін аяқтай алмаған және тиісті балл жинай алмаған студенттер қанағаттанарлықсыз бағаны оң бағаға қайта тапсыру үшін рұқсат алады және келесі академиялық кезеңдердің бірінде немесе жазғы семестрде осы пән бойынша оқу жұмыс жоспарында көзделген сабақтардың барлық түрлеріне қорытынды бақылау тапсырады.

Егер студент оқу бағдарламасын толық көлемде орындай отырып, емтиханға уақытында келмесе, емтихан ведомосына оның тегінің тұсына "келген жоқ" деген жазу жазылады. Студенттің дәлелді себептері болған жағдайда факультет деканының өкімімен оған емтихан тапсырудың жеке кестесі бекітіледі. Емтиханға келмеудің дәлелді себептері болмаған жағдайда "қанағаттанарлықсыз" бағаға теңестіріледі.

1-бағаны "FX" белгісі бойынша "қанағаттандырарлық" алған жағдайда студентке емтиханды қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі.

Қорытынды бақылау бағасымен келіспеген студентке емтихан өткізілген күннен кейінгі күннен кешіктірмей апелляция беру мүмкіндігі көзделген.

Қорытынды бақылау бойынша оң бағаны осы аралық аттестаттау кезеңінде жоғарылату мақсатында қайта тапсыруға жол берілмейді

Емтихан сұрақтары тиісті тексеруден өткеннен кейін бекітіледі.

## Емтихан тапсыру бойынша нұсқаулық

Емтихан тапсыруға рұқсат алу үшін пән бойынша ағымдағы үлгерім бойынша кемінде 100 балл жинау қажет (АБ1, АБ 2 бағаларының арифметикалық орташа мәні).

Емтихан тапсыруға жіберу үшін ақылы негізде білім алушылардың оқу ақысын төлеу бойынша берешегі болмауы тиіс.

**Тестілеуден өтуді бақылау** онлайн прокторингпен өткізіледі. Оқытушы әрбір студенттің емтихан кестесімен, ережелермен, прокторинг жөніндегі нұсқаулықтың талаптарымен танысуын бақылайды. Студенттерге кесте бойынша жоспарланған күні емтихан туралы еске салады.

Студенттер емтихан басталғанға дейін 30 минут бұрын прокторинг жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес емтиханға дайындалуы тиіс.

Тестілеу ұзақтығы: - 40 сұраққа 90 минут, 1 мүмкіндік.

Емтиханда шпаргалкаларды, ұялы телефондарды, смарт-сағаттарды және ақпарат беру үшін басқа да құралдарды пайдалануға және өзімен бірге ұстауға, басқа білім алушылармен және бөгде адамдармен сөйлесуге үзілді-кесілді тыйым салынады. **Осы ереже бұзылған жағдайда тиісті акт жасалады және тәртіп үшін "F" (қанағаттанарлықсыз) бағасы қойылады. Актілер шағымдануға және апелляцияға жатпайды**

**Емтихан құжаттарын тексеру. Емтихан жұмыстарының бағалау критерийлері.**

## Емтихан комиссиясының құрылуы

Универ жүйесінде тест тапсыру бойынша жүйе дұрыс жауаптардың кілттері бойынша автоматты түрде тексереді.

Оқытушыларға тестілеу уақыты аяқталғаннан кейін студенттердің нәтижелері бар ведомостты бағалау және балдарды аттестаттау ведомосына сақтау ұсынылады. Аттестациялық ведомостқа қорытында баға тест аяқталғаннан кейін автоматты түрде түседі. Ведомостты сақтамас бұрын, барлық студенттердің балдарын тексеру ұсынылады.

Балл қою уақыты - 48 сағатқа дейін. Онлайн прокторинг режимі бойынша тексеру жүргізу барысында балл қою уақыты ұзартылуы мүмкін.

## Емтихан бағасына апелляция

Емтихан бағасымен келіспеген білім алушы "Univer" жүйесінде емтихан нәтижелерін шығарғаннан кейін 3 күн ішінде белгіленген нысан бойынша дәлелді жазбаша өтініш беруге құқылы

Деканның оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, егер онда алынған бағаға шағымданудың дәлелді негіздемесі болмаса, апелляциялық келісімді қабылдаудан бас тартуға құқылы

Апелляциялық комиссия төрағасының атына өтініш білім алушының жеке өзімен беріледі. Екінші тұлғалардың, оның ішінде білім алушының туыстарының апелляциясы қабылданбайды

Апелляциялық комиссияның отырысы бекітілген кесте бойынша online режимде өткізіледі. Апелляцияны өткізу күні мен уақыты туралы ақпаратты өтініш беруші деканның оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарынан алуы тиіс

## Бағалау саясаты

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау, аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің қалыптасуын тексеру.

Жиынтық бағалау: аудиториядағы (вебинардағы) жұмыстың белсенділігін бағалау, орындалған тапсырманы бағалау.

Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі:

$$\frac{AB1+AB2}{2} \times 0,6 + ҚБ \times 0,4 \quad \text{Мұнда } AB - \text{ аралық бақылау,} \\ \text{ҚБ} - \text{ қорытынды бақылау (емтихан).}$$

Әріптік бойынша баға	жүйе	Сандық эквивалент	Баллдардың (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі бойынша баға	жүйе
A		4,0	95-100	Өте жақсы	
A-		6,67	90-94		
B+		3,33	85-89	Жақсы	
B		3,0	80-84		
B-		2,67	75-79		
C+		2,33	70-74	Қанағаттанарлық	
C		2,0	65-69		
C-		1,67	60-64		
D+		1,33	55-59		
D-		1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз	
FX		0,5	25-49		
F		0	0-24		

**ҚР құқық қорғау органдары 5 кредит**  
**Емтихан сұрақтары қамтылатын тақырыптар**

**1-тақырып. «ҚР құқық қорғау органдары» пәнінің түсінігі, мазмұны және жүйесі.**

- 1) "ҚР құқық қорғау органдары" пәнінің түсінігі, пәні мен жүйесі.
- 2) Құқық қорғау қызметінің түсінігі мен оның негізгі белгілері.
- 3) "Құқық қорғау органдары" оқу пәнінің түсінігі мен оның заңғылымдарының жүйесінде алатын орны.
- 4) Құқық қорғау қызметінің негізгі бағыттары.
- 5) Құқық қорғау қызметін жүзеге асырушы мемлекеттік органдар, олардың негізгі функциялары мен міндеттері.
- 6) Қазақстан Республикасының құқықтық саясат Тұжырымдамасы.

**2- тақырып. Құқық қорғау қызметінің принциптері. Құқық қорғау қызметіне тұру.**

- 1) Құқық қорғау қызметі принциптерінің түсінігі мен олардың сипаттамасы.
- 2) Құқық қорғау қызметі принциптерінің міндеттері.
- 3) Құқық қорғау қызметіне тұру шарты
- 4) Құқық қорғау қызметіне үміткерлерді іріктеу
- 5) Құқық қорғау қызметіне қабылдау. Құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау.
- 6) Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрам лауазымдарына орналастыруға қойылатын талаптар
- 7) Қызметкерлердің Ант қабылдау тәртібі.

**3- тақырып. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің құқықтық жағдайы.**

- 1) Қызметкерлердің мәртебесі және олардың құқықтық кепілдіктері
- 2) Қызметкерлердің құқық қорғау қызметін өткеруге байланысты құқықтары
- 3) Қызметкерлердің құқық қорғау қызметін өткеруге байланысты міндеттері
- 4) Қызметкердің құқық қорғау қызметінде болуына байланысты шектеулер
- 5) Әскери жағдай қолданылатын кезеңде құқық қорғау қызметінде құқықтық қатынастардың туындауы мен өзгеруі
- 6) Қызметкерлердің жауапкершілігі
- 7) Қызметкерлердің қызметтік куәліктері және жетондары, нысанды киімі және айырым белгілері
- 8) Арнаулы атақтар немесе сыныптық шендер

**4- тақырып. Құқық қорғау органдарында лауазымға тағайындау, қызмет бабында ауыстыру және өсіру.**

- 1) Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрам лауазымдарына орналасудың жалпы қағидалары
- 2) Қызмет бабында ауыстыру
- 3) Ротация
- 4) Құқық қорғау қызметінің жоғары тұрған, тең дәрежелі немесе төмен тұрған

лауазымдары

- 5) Құқық қорғау органдары басшылығының президенттік резерві
- 6) Кадр резерві, оны қалыптастыру міндеттері
- 7) Құқық қорғау органдарының кадр құрамын қалыптастырудың басымбағыттары
- 8) Құқық қорғау органдарындағы жұмыс уақыты
- 9) Құқық қорғау қызметінің өтілі (еңбек сіңірген жылдары)

**5- тақырып. Құқық қорғау органының бөлімшелеріндегі қызметтік тәртіп және моральдық-психологиялық ахуал.**

- 1) Құқық қорғау органдарындағы қызметтік тәртіп
- 2) Құқық қорғау органдарындағы тәрбиелік, әлеуметтік-құқықтық, психологиялық және идеологиялық жұмыс
- 3) Қызметкерлерге көтермелеу қолдану тәртібі
- 4) Қызметкерлерге қолданылатын тәртіптік жазалар және тәртіптік теріс қылықтардың түрлері
- 5) Тәртіптік жаза қолданудың негіздері мен шарттары
- 6) Қызметтік тергеу
- 7) Тәртіптік комиссияны қалыптастыру және оның жұмыс тәртібі

**6- тақырып. Құқық қорғау органдарының қызметкерлерін әлеуметтік қорғау. Демалыстар. Құқық қорғау органдарында қызметті тоқтатудың негіздері.**

- 1) Демалыс түрлері
- 2) Қызметкерлерді әлеуметтік қорғау
- 3) Қызметкерлерге еңбекақы төлеу, оларды зейнетақымен және өзгедей қамсыздандыру
- 4) Еңбекке уақытша жарамсыздығы кезеңінде қызметті өткеру ерекшеліктері
- 5) Қызметкерлер қаза тапқан (қайтыс болған) немесе мертіккен жағдайда берілетін кепілдіктер
- 6) Құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлерінің тұрғын үйге құқықтары
- 7) Құқық қорғау органдарында қызметті тоқтатудың негіздері

**7- тақырып. Қазақстан Республикасының прокуратурасы.**

- 1) Прокуратура органдарының даму тарихы мен негізгі тарихи кезеңдері.
- 2) Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары жүйесіндегі прокуратураның орны мен рөлі.
- 3) Прокуратура органдары қызметінің құқықтық негіздері мен қағидалары.
- 4) Прокуратура органдарының негізгі бағыттары.
- 5) Прокуратура органдарының жүйесі.
- 6) Прокуратура органдарының құқықтық актілері.

**8- тақырып. Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары.**

- 1) Ішкі істер органдарының негізгі міндеттері, принциптері мен құрылымы.
- 2) Ішкі істер органдары қызметінің құқықтық негіздері.

- 3) Ішкі істер органдарының жүйесі.
- 4) Ішкі істер органдары қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері.  
Қызметкерлердің құқықтық мәртебесі.
- 5) Қазақстан Республикасының Ішкі істер Министрлігі.

**9-тақырып. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет органы.**

- 1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің түсінігі мен міндеттері.
- 2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің жалпы сипаттамасы.
- 3) Агенттіктің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері
- 4) Агенттіктің қызметін ұйымдастыру

**10-тақырып. Қазақстан Республикасының соттары мен сот жүйесі.**

- 1) Сот жүйесінің түсінігі мен мәні.
- 2) Сот билігінің түсінігі мен негізгі белгілері. Сот билігін жүзеге асырудың нысандары.
- 3) Қазақстан Республикасының сот жүйесінің жалпы сипаттамасы.
- 4) Қазақстан Республикасы судьяларының құқықтық мәртебесі.
- 5) Қазақстан Республикасының мамандандырылған соттары.

**11-тақырып. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары.**

- 1) Ұлттық қауіпсіздіктің жалпы сипаттамасы.
- 2) Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.
- 3) Қазақстан Республикасы Президентінің күзет қызметі.
- 4) Ұлттық қауіпсіздік органдары, олардың міндеттері мен негізгі функциялары.
- 5) Ұлттық қауіпсіздік органдарының құқықтық негіздері мен қызметінің мақсаттары.
- 6) Ұлттық қауіпсіздік Комитеті, ұлттық қауіпсіздіктің жергілікті және басқа да органдары.
- 7) Ұлттық қауіпсіздік органдарының құқықтары мен міндеттері.
- 8) Ұлттық қауіпсіздік органдарының кадрлық қызметі.

**12-тақырып. Қазақстан Республикасының кеден органдары.**

- 1) Қазақстан Республикасының кеден органдарының түсінігі, міндеттерімен жүйесі.
- 2) Кедендік бақылау органдарының негізгі мақсаттары мен міндеттері.
- 3) Кедендік бақылау Комитеті мен оның жергілікті органдары.
- 4) Кедендік органдар қызметінің негізгі бағыттары.
- 5) Кедендік органдар қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері.
- 6) Кедендік органдар қызметкерлерінің құқықтық мәртебесі.

**13-тақырып. Қазақстан Республикасының Әділет органдары.**

- 1) Әділет органдарының шығуы мен дамуының негізгі кезеңдері.
- 2) Әділет органдары қызметінің құқықтық негіздері.
- 3) Әділет органдарының міндеттері мен ұйымдастырушылық қағидалары.

- 4) Әділет органдары қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері.
- 5) Әділет органдарының жүйесі.
- 6) Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі және оның жергілікті органдары.

#### **14- тақырып. Қазақстан Республикасының адвокатураның даму тарихы.**

- 1) Адвокатураның даму тарихы.
- 2) Адвокаттық қызметтің түсінігі мен ұйымдастырушылық қағидалары.
- 3) Адвокаттар көрсететін заң көмегінің түрлері
- 4) Адвокаттың мәртебесі. Адвокаттардың құқықтары мен міндеттері.
- 5) Адвокаттық қызметті ұйымдастыру нысандары.

#### **15- тақырып. Қазақстан Республикасындағы нотариат.**

- 1) Қазақстан Республикасындағы нотариаттың даму тарихы.
- 2) Нотариаттың құқықтық негіздері мен ункциялары.
- 3) Нотариаттық қызметтің қағидалары.
- 4) Қазақстан Республикасындағы нотариустардың құқықтық мәртебесі.

### **ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

#### **Ұсынылатын нормативтік құқықтық актілер:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Республикалық референдумда 1995жылы 30-тамызда қабылданды // <https://online.zakon.kz/>
2. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі № 154-ХІІІ «Жедел іздестіру туралы» заңы.
3. Жедел іздестіру қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы бойынша сызбалар альбомы : 1994 жылғы 15 қыркүйектегі № 154-ХІІІ заңы бойынша /–Қазақстан Республикасының
4. Прокуратурасы туралы 30.06.2017ж. заңы  
[//http://adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz)
5. –Адвокаттық қызмет туралы Қазақстан Республикасының 5.07.2018 ж. Заңы  
[//http://adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz)
6. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-ІV Заңы.
7. Қазақстан Республикасының қылмыстық процесілік кодексі 04.07.2014  
[//http://adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz)

#### **Негізгі:**

1. Қ. Б. Манапов, Д. Т. Ахметов, С. А. Айжанов [және т. б.] ; ҚР ПМ,Б. Бейсенов атын. Қарағанды академиясы. - Қарағанды : ҚР ПМ, Б. Бейсенов атын. Қарағанды академиясы, 2015. - 92 б.
2. Оперативно-розыскная деятельность для обучения стажеров на должности среднего начальствующего состава ОВД факультета профессионального и дополнительного образования по линии КП: курс лекций/ Т.Е.Сулейменов. – Ақтобе: АЮИ им. М. Букенбаева МВД РК, 2017 – 128 с.
3. Гинзбург А.Я., Даубасова С.Ш. Основы оперативно-розыскной деятельности: закон, теория, практика: комментарий. Учебно-практическое пособие. – Алматы, 2019. – 159 с.
4. Ішкі істер органдарымен қылмыстардың алдын алу : дәрістер жинағы / С.Қ. Алтайбаев, Ж. Нұрбақыт ; ҚР ПМ, Б. Бейсенов атын. Қарағанды академиясы. - Қарағанды : ҚР ПМ, Б. Бейсенов атын. Қарағанды академиясы, 2015. – 111 б.
5. Жедел іздестіру қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңыбойынша сызбалар альбомы : 1994 жылғы 15 қыркүйектегі № 154-ХІІІ заңы бойынша

#### **Қосымша**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері: оқу құралы / Жалпы редакциясын басқарған



б.ғ.д., профессор Б.С. Абдрасилов. – Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2016. – 176 б.

2. Секенов Е.К., Медиев Р.А., Бекишев А.К. Особенности проведения негласных следственных действий: Методические рекомендации. Алматинская академия МВД Республики Казахстан им. М. Есбулатова, Алматы, 2019. —35 с.
3. Жазыбаев Д.М., Дулатов Ы.Д. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарды тергеу әдістемесі. Алматы, 2020. – 23 б.
4. Самалдықов М.К. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудің құқықтық негіздері. Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 400 б.

Интернет-ресурстар:

1. <http://elibrary.kaznu.kz/ru>
2. <https://kpa.gov.kz/11-5-irbis-sistema-avtomatizaczii-bibliotek/>

**Онлайн қолжетімді:** Қосымша оқу материалы – дәрістер тезисы, сонымен қатар үй жұмысы, жобалар, СӨЖ орындау үшін қажетті оқу-методологиялық материал [univer.kaznu.kz](http://univer.kaznu.kz) желісінде ПОӘК бөлімінде қолжетімді болады. (Сонымен қатар пән тақырыбы бойынша MOOK курсының ұғынуды ұсынылады).

**Онлайн қолжетімді:** Қосымша оқу материалы – дәрістер тезисы, сонымен қатар үй жұмысы, жобалар, СӨЖ орындау үшін қажетті оқу-методологиялық материал [univer.kaznu.kz](http://univer.kaznu.kz) желісінде ПОӘК бөлімінде қолжетімді болады. (Сонымен қатар пән тақырыбы бойынша MOOK курсының ұғынуды ұсынылады).